# Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні—1 Май жасасын!

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 88 (9150) | 1953 жылғы 1 май жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

*Лениннің—Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!*

## ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

*1 май, 1953 ж.* *№ 49* *Москва қаласы*

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Бүгін Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты бүкіл совет халқымен бірге еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, барлық елдердегі жұмысшылардың туысқандық күні—Бірінші майды мейрамдайды.

Сіздерді Бірінші май күнімен құттықтаймын және өздеріңіздің әскери шеберліктеріңізді жетілдіруде, біздің Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік әзірлігін арттыруда жаңа табыстарға жетулеріңізге тілектестік білдіремін.

Мереке құрметіне БҰЙЫРАМЫН:

Бүгін, Бірінші майда, Отанымыздың астанасы —Москвада, одақтас республикалардың астаналарында және қаһарман қалаларда: Ленинградта, Сталинградта, Севастопольде және Одессада—жиырма дүркін артиллерия атылып, салют берілсін.

Біздің социалистік Отанымыз жасасын!

Біздің қаһарман совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы— Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

*ССР Одағының Қорғаныс Министрі*
*Совет Одағының Маршалы*
*Н. А. БУЛГАНИН*

## Ленин—Сталин туы астында жаңа табыстарға жете берейік!

Бүгін Бірінші май —еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, барлық елдердегі жұмысшылардың туысқандық күні Бұл күн —бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің жауынгерлік күштерін байқайтын күн. Бұл күн —бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің дәстүрлі мереке күні.

Совет Одағының еңбекшілері Бірінші май мерекесін коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте орасан зор жаңа

туысқандық көмегімен Қазақстан алдыңғы қатарлы индустриялы республикаға айналды. Республикамыздың экономикасы мен мәдениеті қарыштап алға басуда. Ертісте Өскемен су электр станциясы салынып, іске қосылды. Енді Бұқтарма су электр станциясының құрылысы басталды. Республиканың кең-байтақ даласында жаңа темір жолдар пайда болды. Ақмола-Павлодар темір жолы салынып болуға



## Астана аудандары мен кәсіпорындарындағы 1 Майға арналған салтанатты жиналыстар

Москвада Бірінші май мерекесіне арналған салтанатты жиналыстар өтті. Сталин ауданындағы заводтар мен фабрикалардың мыңнан астам жұмысшылары, инженерлері, техниктері, партия, совет және қоғам ұйымдарының өкілдері Моссовет атындағы драма театрының залына лық толды. Еңбекшілердің халықаралық мерекесі — 1 Май туралы СОКП Сталин аудандық комитетінің секретары А. Г. Яковлев жолдас баяндама жасады.

Транспорттың Орталық театрында өткізілген Красногвардейск ауданы еңбекшілері өкілдерінің салтанатты жиналысында СОКП Москва қалалық комитетінің секретары И. В. Капитонов жолдас баяндама жасады. Москва ауданындағы партия, совет және қоғам ұйымдары, өнеркәсіп орындары, оқу, ғылми- зерттеу институттары өкілдерінің көп адам қатысқан жиналысында СОКП Москва қалалық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Б. Е. Радионов жолдас баяндама жасады.

Свердлов, Дзержинский, Киров, Сокольническ және Темір жол аудандарында сол сияқты, Сталин атындағы автомобиль заводында, Киров атындағы бірінші сағат заводында, бірінші тоқыма фабрикасында, шағын автомобильдер заводында және астананың басқа да кәсіпорындары мен мекемелерінде салтанатты жиналыстар өткізілді.

(СОТА).

## Салтанатты мә

